

Адам. Қоғам. Құқық пәні бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге және кешенді тестілеуге арналған тест спецификациясы
(2018 жылдан бастап Ұлттық бірыңғай тестілеуде және кешенді тестілеуде қолдану үшін бекітілген)

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және жалпы білім беретін пәндердің оқу бағдарламаларына сәйкес құрастырылған құжат.

1. Мақсаты: Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдау үшін түсушілердің Адам. Қоғам. Құқық пәні бойынша дайындық деңгейін анықтау.

2. Тест мазмұны: Тест 3 деңгейде берілген 30 тест тапсырмасынан тұрады: бірінші деңгейде –15, екінші деңгейде – 8, үшінші деңгейде – 7 тапсырма.

Тест жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу бағдарламасына сәйкес Адам. Қоғам. Құқық пәні бойынша оқу материалдарынан тұрады.

№	Тарау	№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Адам	01	Адам әлемі	01	Адам мәселесі. Адам және адамдар арасындағы қарым-қатынас. Адамның қызметіндегі еркіндік, қажеттілік және жауапкершілік
				02	Адам мәдениет жасаушы. Адам және оның дүниетанымы. Адамның дүниеге танымының қатынастары
02	Қоғам	01	Әлеуметтік сала	01	Қоғам туралы түсінік. Қоғамның әлеуметтік құрылымы. Тұлға және қоғам. Қазіргі заманғы қоғам. Әлеуметтік қатынастар. Әлеуметтану дегеніміз не? Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде.
				02	Қоғамның экономикалық өмірі. Нарық субъектілерінің экономикалық мінез-құлқы Экономикалық теория дегеніміз не?
				03	Адамның рухани өмірі. Рухани мәдениет. Философия дегеніміз не? Философия антропологиясы. Жаратылыстану философиясы.
03	Саясат және құқық	01	Саясаттану негіздері	01	Қоғамның саяси өмірі. Саяси жүйе. Саясаттану дегеніміз не? Мәдениет және саясат.

		02	Конституциялық құқық	01	Конституция-Қазақстан Республикасының негізгі заңы. Адам және азаматтың құқықтары мен міндеттері. Қазақстан Республикасы-құқықтық мемлекет. Құқық қорғау органдары. Заңдылық және құқықтық тәртіп.
		03	Заңға кіріспе	01	Құқық және негізгі құқықтық құбылыстар туралы түсінік. Қазақстандық құқық салаларының негізгі түсініктері. Жеке құқықтың негізгі салалары Жария құқықтың негіздері

3. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Адам.Қоғам.Құқық курсының оқу бағдарламасы бойынша түсуші меңгеруі тиіс: Антропогенез үдерісінің мәні мен ерекшеліктері; адамның шығу тегінің негізгі тұжырымдамалары, адам өмірінің ерекшеліктері, адамның мүмкіндіктері мен қабілеттері, құндылықтар мен идеалдар; қоғамдағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістердің себеп-салдарлық байланыстары; адам іс-әрекетінің құрылымы мен мотивтері, түрлері; экономика және нарықтық экономика ұғымы; қоғамдағы экономиканың ролі, өмірдің сапасы мен экономиканың өзара байланысы; қоғамның әлеуметтік құрылысы, оның элементтері; қоғамның саяси жүйесі; Қазақстан Республикасының негізгі заңы - Конституцияны; қоғамдағы құқықтық қатынастар, еркіндік, құқық, міндеттер; Конституциялық кепілдемелер; мораль және адамгершілік ұстанымдары, кәсіби этика ұстанымдары; қоғам дамуындағы негізгі заңдылықтардың қазіргі заманғы мәліметтері мен түсіндірмелері; Қазақстандық құқықтың негізгі салаларындағы басты ұғымдар, адамның рухани әлемін, мәдени жетістіктерін сипаттай білу; мемлекет саясатының мәнін түсіндіре білу: жаңа материалмен дербес жұмыс істеу, ізденісті жұмыспен айналысу; оқытылып отырған тақырып бойынша материалдарды жалпылау, дербес талдай білу, бастыларын анықтау; қоғам өмірінің оң және теріс құбылыстарына дербес баға беру; экономикалық, саяси және әлеуметтік мәселелер бойынша жеке көзқарасын білдіре білу мен оны дәлелдеу; ақпарат көздерін сыни тұрғыдан талдау, алуан түрлі (мәтін, карта, кесте, схема, аудиовизуальды материал) ақпараттарды талдай білу; әлеуметтік қауымдастықтар, әлеуметтік топтар мен әлеуметтік нормалардың дамуындағы себеп-салдарлық байланыстарды және заңдылықтарды айқындау; мәдениеттің көп түрлілігі, қоғамның саяси жүйесі, экономиканың дамуы туралы алуан түрлі ақпарат көздерінен мәліметтерді тез таба білу; моральдық, этикалық, адамгершілік және құқықтық және жемқорлыққа қарсы нормаларды талдау және жиынтықтау; қоғамдағы мемлекеттік-құқықтық институттардың қызметі мен материалдық өндірісті бағалау және оған сипаттама беру; жеке көзқарасын қалыптастыру; құқықтық және қоғамдық өзекті мәселелер бойынша пікірталастарға қатысу, алынған мәліметтерді дәлелдеу үшін талқыланатын мәселелер бойынша жеке көзқарас қалыптастыру, құбылыстар арасындағы себеп салдарлық байланыстарды орната білу; оқып-меңгерген материалының нәтижелерін конспект, рефераттар мен рецензиялар түрлерінде көрсете білу; қазіргі замандағы құбылыстарға қатысты өз көзқарасын анықтай білу, өзінің іс әрекеттерін әлеуметтік мінез-құлықтың бұрынғы формаларымен сәйкестендіре білу; дүниетанымның негізгі элементтері мен құрылысы; тарихи дүниетанымның түрлері – мифологиялық, діни, философиялық; әлемді тану мәселесі, ғылымның пайда болуы; білімнің қазіргі заманғы мәні; адам өміріндегі құндылықтарды және құндылықтарды таңдау мәселесі; жеке және әлеуметтік жетістік үшін адамның жауапкершілігі; қоғамдағы

қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістердің себеп-салдарлық байланыстары; қоғамдағы нарықтық экономиканың ролі, экономиканың нарықтық субъектілер мінез құлқымен өзара байланысы; ұсыныс пен сұраныс заңдарын, кіріс көздерін, өндірістің факторларын, мемлекеттің монополияға қарсы саясаты; демократиялық саясат негіздері – сайлау, референдум, жергілікті өзін-өзі басқару, қоғамдық және саяси ұйымдар; қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу үдерісі мен жеке және көпшілік құқықтың негізгі салалары; қоғамдағы құқықтық қатынастар, еркіндік, құқық, міндеттер; қоғамның дамуындағы негізгі заңдылықтардың қазіргі заманғы түсініктері; тұлғаның әлеуметтік статусы, қоғамның әлеуметтік құрылысы; нарықтық экономика ерекшеліктері, тұтынушылар мен өндірушілердің іс-әрекеті; қоғамның саяси жүйесі, мемлекеттің формалары мен белгілері, саяси режимдер, демократиялық саясаттың негіздері; адамның рухани мәдениетінің негіздері, қоғамның рухани құндылықтары, тұлғаның адамгершілік негіздері, тәрбие мен білім беру міндеттері; қазіргі заманғы қоғам өміріндегі діннің ролі; адам мен азаматтардың құқықтары мен міндеттері; Қазақстандағы адам еркіндігі мен құқығын қорғау механизмдері және адам құқығын халықаралық-құқықтық тұрғыдан қорғау; жемқорлыққа қарсы қоғамдық, негізгі мемлекеттік-құқықтық күрес тәсілдері; ақыл-ой мектебі мен саналы және игілікті өмір мектебі ретінде философия негізін; жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардағы философиялық мәселелер; әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі мәселелері; нарықтық экономика туралы (еңбек нарығы, капитал, табиғи ресурстарды); ұлттық экономиканың негізгі көрсеткіштері мен экономикалық өсімнің ерекшеліктері; қоғамның әлеуметтік құрылысы, оның элементтері, әлеуметтік іс-әрекет және әлеуметтік рольдер; қоғамның саяси жүйесі, Парламент, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, әділет органдары, жергілікті өкілетті, атқарушы және құқық қорғау органдарының қалыптасуы мен қызмет ету тәртібі; азаматтық, этномәдени, конфессиялық бірлестік ретіндегі Қазақстан қоғамының ерекшеліктері; философия, әлеуметтану, саясаттану, экономикалық теория, заң білімі сияқты ғылымдардың мәні мен ерекшелігі; адамның қажеттіліктері мен қызығушылықтарын, өмірдің мәні мен бағдары; қоғамдағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістердің себеп-салдарлық байланыстары; қоғамдағы экономиканың ролін, еңбек нарығын, капитал, табиғи ресурстар; құқықтық мемлекеттің негізгі принциптері, конституциялық кепілдемелер; мәдени жетістіктер, адамның рухани әлемін сипаттау; қарым-қатынас, мораль және адамгершілік нормаларын білу, мемлекет саясатының мәнін түсіндіру, кәсіби этиканы және жемқорлықты қабылдамау.

4. Тапсырма формасы:

Тест ұсынылған бес жауап нұсқасынан бір ғана дұрыс жауапты таңдауға арналған 20 тест тапсырмасынан және бірнеше жауап нұсқасынан бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған 10 тест тапсырмасынан тұрады.

5. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмасы дұрыс орындалғанда 1 балмен, дұрыс орындалмағанда – 0 балмен бағаланады.

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (3 дұрыс жауаптан артық емес) тест тапсырмалары төмендегідей жолмен бағаланады:

- бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;
- бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;
- бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі немесе одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен;
- екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;
- екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен;
- екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

- екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;
- екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі немесе одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен;
- үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында үш дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;
- үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен;
- үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;
- үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында үш дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;
- үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында тек бір дұрыс жауапты немесе екі және одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен бағаланады.

Тест тапсырмасы толығымен орындалғанда түсуші 40 балл жинайды.